

№34
(2106)

ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛДЫҢ
1 ҚАҢТАРЫНАН
ШЫҒА
БАСТАДЫ

ЖАҢА ОЗЕН

26
ТАМЫЗ
2022 ЖЫЛ
ЖҰМА

ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ

ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

xat.janaozen-gazeti@mail.ru
mangystaumedial.kz сайты



Қызыл жұлдыздар!

Д бейне кескіндерді жасауға, адам даусының үні, бет-әлпеті сияқты биометриялық деректерді басқаруға болады. Дипфейктердің арқасында сіз ешқашан болмаған оқиғаларды жасай аласыз, адамға жас қосуға немесе, керісінше, бірнеше ондаған жасқа жасартуға, өмірден өткен актермен фильмді аяқтап түсіруге, фотоларға «жан бітіруге» болады. Мұны продюсерлер, режиссерлер, маркетологтар, жарнама берушілер және ... алаяқтар белсенді қолдануда.

Алаяқтар не істей алады?

Дипфейктердің көмегімен алаяқтар:

- банктік шотқа қолжеткізу, ондағы ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру және жалған кредит ресімдеу үшін біреудің жеке басын қолдан жасай алады;
- қайтыс болған адамның деректерін ұрлап, банктік онлайн-қызметтерге қолжеткізу үшін оған «жан бітіре» алады;
- өмірде жоқ жаңа «адамды» синтездеп, оны ірі қаржылық транзакциялар мен кредиттік алаяқтықтың күрделі схемаларын жасау үшін пайдалана алады.

Бұл іс жүзінде қалай іске асырылды?

Дипфейктер жақында қолданыла бастады, интернетте осы соңғы технологияға негізделген жалған бейнетүсірілімдер бес жыл бұрын пайда болды. Ал 2019 жылы осындай алғашқы ірі алаяқтық әлемді дүр сілкіндірді.

Ұлыбританияда киберқылмыскерлер жасанды интеллект көмегімен ірі энергетикалық компания басшысының дауысын және тіпті оның жеңіл немісше акцентін жасаған. Олар

талап етті. Менеджер өз «бастығының» нұсқауын орындады, бірақ алаяқтар мұнымен тоқтамады және қосымша төлемдер жасауды сұрап тағы екі рет қоңырау шалды. Бұл күдік тудырып, нәтижесінде тергеу жалған дыбысты қолдана отырып, хакерлік шабуыл жасалғанын көрсетті. Бірақ қаражатты қайтару, сондай-ақ шабуылдаушыларды табу мүмкін болмады.

2020 жылы филардельфиялық 68 жастағы адвокат алаяқтардың құрбаны болды, ол қоңырау шалған «ұлына» сенді. Алаяқтар жас жігіттің дипфейк-дауысын пайдаланып, өкесіне 9 мың доллар аударуды сұрап қоңырау шалды, бірақ, абырой болғанда, алаяқтық уақтылы өшкере болды.

2021 жылы Қытайда өз клиенттеріне жалған шот-фактуралар берген алаяқтардың өтірігі өшкереленді. Олар салық қызметінің жеке басын тексеру жүйесінен өту үшін адамдардың суреттерін сатып алып, дипфейк технологиясының көмегімен оларға «жан бітірді». Осылайша қылмыскерлер 76 миллион доллардан астам пайда тапты.

Сондай-ақ, дипфейктің көмегімен жасалған алаяқтық жағдайлары Ресейде де орын алды. Мысалы, 2021 жылы алаяқтар «Тинкофф» банкінің негізін қалаушымен дипфейк-бейнетүсірілім жасап, оны желіге таратқан. «Бизнесмен» пайдаланушыларды инвестициялық шот ашуға, өз қаражатын салуға және одан жақсы ақша табуға шақырды. Ол үшін төменде көрсетілген фишингтік сілтеме бойынша өтіп, өзіңіз туралы деректерді қалдыру қажет болды. Бейнетүсірілім өте сапалы болмаса да, көптеген пайдаланушылар оған алданып

және кез келген жағдайда мұқият болған жөн.

Қызықты факт

Массачусетс технологиялық институты өзірлеген тест бар. Ол дипфейк технологиясының бейнеде қолданылуын анықтауға мүмкіндік беретін сегіз сұрақтан тұрады:

1. Қозғалыс кезінде адамның беті өзгере ме?
 2. Сізге бет терісі тым тегіс немесе әжім түскен болып көрінбей ме? Терінің қартаюуы шаш пен көздің қартаюына ұқсай ма?
 3. Көз және қас. Болады-ау деген жерлерде көлеңке пайда бола ма? Дипфейк жиі жағдайда жарықтың табиғи физикасын толықтай жеткізе алмайды.
 4. Көзіндірікте шағылысу бола ма? Олар шамадан тыс көп емес пе? Адам қозғалған уақытта шағылысу бұрышы өзгере ме?
 5. Бет табиғи болып көріне ме? Жасанды интеллект сақал мұрт пен бакенбарды қосып және алып тастай алады, бірақ көп жағдайда шашты барынша табиғи етіп бере алмайды.
 6. Беттегі меңдер табиғи болып көріне ме?
 7. Адам көзін жиі жыпылықтатпай ма?
 8. Еріннің көлемі мен түсіне назар аударыңыз. Ол беттің қалған бөлігіне сәйкес келе ме?
- Өзіңізді, өз ақшаңызды сақтаңыз және қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz-пен бірге арттырыңыз!

Хабарлама

«Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2022 жылғы 1 қыркүйек - 2023 жылғы 31 тамыз аралығында сарқынды суды бұру реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифтеріне «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ тарапынан 05.07.2022 ж. №38-НҚ бұйрығымен кәсіпорынға уақытша өтемдік тариф 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізілгендігін хабарлайды.

- Тұрғындар және Жаңаөзен қаласы бу қазандықтары 1 текше метр үшін тариф - 28,72 теңге (ҚҚС-сыз)

- Бюджеттік мекемелер 1 текше метр үшін тариф - 126,45 теңге (ҚҚС-сыз)

- Өзге тұтынушылар 1 текше метр үшін тариф - 203,25 теңге (ҚҚС-сыз).

«Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

«Маңғыстау Жарық» ЖШС хабарлайды

23.08.2022 жылғы № 02-18-367 Маңғыстау облысының табиғи монополияларды реттеу комитеті Департаментінің дәлелді қорытындысы негізінде 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Маңғыстау Жарық» ЖШС-нің Жаңаөзен қаласы (Теңге, Қызылсай, Рахат ауылын қоса алғанда) тұтынушылары үшін 1 кВт*сағ ҚҚС есепке алмағанда электр энергиясының құны бекітілді.

- тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін - 19,72 теңге;

- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін - 25,77 теңге;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін - 30,30 теңге.

Қосымша ақпаратты 202-262, 202-255 телефондары бойынша, info@mzharyk.kz электрондық поштасы арқылы, сондай-ақ «Маңғыстау Жарық» ЖШС-нің www.mzharyk.kz ресми сайтынан алуға болады.

ТОО «Маңғыстау Жарық» уведомляет

Мотивированным заключением от 23.08.2022 г. за №02-18-367 Департаментом комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по Мангистауской области утверждена стоимость электрической энергии ТОО «Маңғыстау Жарық» с 1 сентября 2022 года за 1 кВтч без учета НДС для потребителей г. Жанаозен (в т.ч. с.Теңге, с.Кызылсай, с.Рахат):

- для бытовых потребителей (население) - 19,72 тенге;

- юридических лиц и индивидуальных предпринимателей - 25,77 тенге;
- организаций, финансируемых из государственного бюджета - 30,30 тенге.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам 202-262, 202-255, по электронной почте info@mzharyk.kz, а также на официальном сайте ТОО «Маңғыстау Жарық» www.mzharyk.kz.